

**Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылындағы
М.Маметова көшесі аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

Күшін жойған

Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 21 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 5390 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 50 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 02.04.2020 № 50 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" №148 Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының, 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясының 30 қаңтар 2020 жылғы № 02-05/18 ұсынысы негізінде, Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Созақ ауданы Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылындағы М.Маметова көшесінің тұрғыны Тұрғанбаев Даурен Берікұлын тістеген бір бас иттің бас миының сынамасы "құтырық" ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты Шолаққорған ауылындағы М.Маметова көшесінің аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау

және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Шолақорған ауылдық округінің әкімі

А. Елибаев